

ЖШС «ZIYATKER TURAN» мектебі өзін-өзі басқару ұйымы президентін сайлау туралы» ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже өзін-өзі басқару ұйымы президентін (бұдан былай - Мектеп президенті) сайлауға дайындық пен оны өткізуді реттейді.
2. Мектеп Президентін сайлау оқушының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделген.
3. Мектеп Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.
4. Оқушылардың сайлауға қатысуы ерікті болып табылады.
5. Сайлаушылар – 7-10 сынып оқушылары мен педагогикалық қызметкерлер болып табылады
6. Сайлаушылар мектеп Президентін сайлауға тең негізде қатысады және олардың әрқайсысы тиісінше бір дауысқа ие болады. Оларға тең құқықтар мен сайлауға қатысу шарттарына кепілдік беріледі.

2. Мектептің сайлау комиссиясы

7. Мектептегі сайлау комиссиясы – мектепте сайлауды дайындау мен өткізуді жүзеге асыратын орган.
8. Мектептің сайлау комиссиясы 5-6 (мүшеден) тұрады:
 - 1) комиссияның мүшесі ретінде педагогикалық ұжым және өткен жылы өзін-өзі басқару ұйымының президенті мен мүшелері қатарынан мектеп басшылығы тағайындайды.
9. Мектеп Президентін сайлау кезінде бүкіл мектеп бірыңғай сайлау учаскесі болып табылады.

10. Мектеп сайлау комиссиясының отырыстарына мектеп Президенттігіне кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары, байқаушылар қатыса алады.

3. Мектеп сайлау комиссиясының өкілеттіктері

11. Мектеп сайлау комиссиясы:

- 1) мектеп Президентін сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады;
- 2) мектеп Президентін сайлау бойынша дауыс беруге арналған бюллетеньнің нысаны мен мәтінін, сайлаушылар тізімдерінің және өзге де сайлау құжаттарының нысандарын белгілейді;
- 3) мектеп Президенттігіне үміткер кандидаттарды тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді;
- 4) мектеп сайтында кандидаттарды тіркеу туралы хабарламаны жариялайды;
- 5) байқаушыларды тіркейді және оларға тиісті куәліктер береді;
- 6) мектеп Президентін сайлау жөніндегі сайлау алдындағы науқанның барысы туралы сайлаушыларды хабардар етеді;
- 7) мектеп Президентін сайлауды қорытындылайды;
- 8) мектептің сайланған Президенті туралы хабарламаны мектеп сайтында жариялайды.

4. Мектеп Президентін сайлау

12. Мектеп Президентін сайлау екі жылда бір рет (қажеттілікке қарай бір жылда бір рет) оқу жылының 1-тоқсанында өткізіледі.

13. Осы Ережеде белгіленген тәртіппен сайланған мектептің 10-11 сынып оқушысы мектеп Президенті бола алады.

14. Мектеп Президенті 2 жыл мерзімге сайланады. Президенттің өкілеттігі мектептің жаңа Президенті сайланғаннан кейін тоқтатылады.

15. Мектеп Президентінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату осы мектепте оқуды тоқтату негізінде, өз өтініші бойынша, сондай-ақ мектеп Жарғысын, бұзған жағдайда жүзеге асырылады.

16. Мектептің сайлау комиссиясы сайлау нәтижелерін мектептің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялағаннан кейін мектеп Президенті сайланды деп саналады.

17. Мектеп Президенттігіне кандидаттарды ұсыну құқығы 10-11 сыныптарға және параллельдерге тиесілі.

18. Мектеп Президенттігіне кандидаттарды ұсыну жарияланған күннен кейінгі күннен басталады және 1 жұмыс аптасы ішінде өткізіледі.

19. 10-11-сыныптардан және параллельдерден ұсынылған мектеп Президенттігіне кандидаттарды ұсыну туралы шешім сынып және сынып параллельдері оқушыларының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады, кандидаттың мінездемесі бар және оқушылардың өзін-өзі басқару органының өкілі қол қойған хаттамамен ресімделеді. Қабылданған шешім кандидаттың келісімі туралы өтінішпен бірге мектептің сайлау комиссиясына ұсынылады.

20. Мектеп Президентін сайлау кемінде екі кандидаттың қатысуымен Заңды.

21. Кандидат сайланды деп есептеледі:

1) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған;

2) қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатпен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының көбірек санын алған адам.

22. Егер сайлау бюллетеніне немесе онлайн дауыс беру формасында мектеп Президенттігіне екіден көп кандидат енгізілсе және олардың ешқайсысы сайланбаса, мектептің сайлау комиссиясы ең көп дауыс алған екі кандидат бойынша қайта дауыс беруді тағайындайды. Кандидаттардың біреуі шығып қалған жағдайда сайлау бюллетеніне немесе онлайн дауыс беру формасына неғұрлым көп дауыс алған келесі кандидат енгізіледі.

23. Қайта дауыс беру осы Ереженің талаптарын сақтай отырып, келесі үш оқу күні ішінде өткізіледі. Қайта дауыс беру туралы мектептің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында хабарланады.

5. Бақылаушылар

24. Байқаушы сайлау науқаны кезеңінде және дауыс беру күні қоғамдық бақылауды жүзеге асырады. Әр сынып параллелінің, ата-аналар комитетінің, қамқоршылық кеңесінің, мектеп басшылығының өкілдері мектеп Президенті сайлауының байқаушылары бола алады.

25. 5-тен 11-ге дейінгі әр параллель бір бақылаушыны ұсына алады.

Ата-аналар комитеті екі бақылаушыны ұсына алады.

Қамқоршылық кеңес бір байқаушыны ұсына алады.

Мектеп басшылығы екі бақылаушыны ұсына алады.

Бақылаушылар тізімі Мектеп сайлау комиссиясына ұсынылады.

26. Байқаушылардың құқығы:

1) Мектеп сайлау комиссиясының отырысына қатысуға құқылы;

2) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны туралы ақпарат алуға құқылы;

3) дауыс беруді өткізу және дауыстарды санау кезінде мектептің сайлау учаскесінде болуға;

4) барлық аталған рәсімдерді анық көру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайларда, дауыс беру барысын, дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін дауыс беруге арналған пунктте ресімдеу рәсімін байқауға құқылы;

5) мектеп сайлау комиссиясы мүшелерінің пайдаланылмаған сайлау бюллетеньдерін санауы және өтеуі кезінде қатысуға құқығы бар;

6) дауыс беру барысына және оның қорытындыларын шығаруға кедергі келтірмей, фото -, аудио - және бейнежазбалар жасауға;

7) дауыс беру өткізілгеннен кейін Мектеп сайлау комиссиясының дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаларымен танысуға, олардың көшірмелерін алуға;

8) осы Ереженің талаптары бұзылған жағдайда сайлау комиссиясы мүшелерінің назарын аударға.

6. Сайлаушылар тізімі

27. Сайлаушылар тізімдері сыныптар бойынша әліпбилік тәртіппен жасалады. Тізімде сайлаушының Тегі, Аты және сыныбы көрсетіледі.

28. Сайлаушылардың тізімдерін сынып жетекшілері жасайды және куәландырады.

29. Сайлаушылар тізіміне енгізілген сайлаушылардың жалпы саны мектептің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланады.

7. Сайлау алдындағы үгіт

30. Сайлау алдындағы үгіт-сайлаушылардың белгілі бір кандидатты жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

31. Сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған кезден басталып, дауыс беру күнінің алдында аяқталады. Қайта дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт жүргізілмейді.

32. Сайлау алдындағы үгіт жүзеге асырылады:

1) мектептің әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы;

2) сайлау алдындағы жария пікірсайыстар, сондай-ақ кандидаттардың сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу арқылы жүзеге асырылады;

3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және тарату арқылы жүзеге асырылады.

33. Мектептің медиа құралдары кандидаттардың сайлау науқанын әділ жариялауды жүзеге асыруға, кандидаттың ар-намысына, қадір-қасиетіне

және беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдары мен өзге де ақпаратты жариялаудан аулақ болуға міндетті.

34. Мектеп басшылығы барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілейді. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайларда орналастырылады.

8. Кандидаттың сайлауалды бағдарламасы және оның сенім білдірген адамдары

35. Мектеп Президенттігіне кандидаттар өздерінің болашақ қызметінің сайлауалды бағдарламасымен таныстырады. Әрбір үміткер әрбір сынып параллелінің алдында 5 минуттық сөз сөйлеуге құқылы. Сайлау алдындағы бағдарламамен сөз сөйлеу жалпыадамзаттық құндылықтар мен өзара сыйластық басымдығы қағидаттарына негізделуге тиіс.

36. Мектеп Президенттігіне кандидаттардың сайлау науқанын өткізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін және кандидаттардың мүдделерін білдіретін сенім білдірілген адамдары болуына құқылы.

37. Мектеп Президенттігіне Кандидат әр сынып параллелінде 2-ден 11-ге дейін бір-бір сенімді тұлға болуға құқылы.

38. Сенім білдірілген адамдар бақылаушылардың құқықтарына ие болады, міндеттеріне ие болады.

9. Дауыс беру тәртібі

39. Мектеп Президентін сайлау бойынша дауыс беру сайлау күні жергілікті уақыт бойынша сағат 08:30-16:30ға дейін өткізіледі.

40. Дауыс беру уақыты мен орны туралы сайлау комиссиясы сайлаушыларды дауыс беру күніне дейін бір күннен кешіктірмей хабардар етеді.

41. Дауыс беру күні Мектеп сайлау комиссиясы дауыс беру басталғанға дейін бір сағат бұрын жұмысқа кірісуге тиіс.

42. Мектеп Президентін сайлауда дауыс беру арнайы бөлінген орында өткізіледі, онда жасырын дауыс беру үшін жағдай жасалуға, сайлау бюллетеньдерін, дауыс беру онлайн форматта болған жағдайда, қажетті техникалық құралдардың орналасу реті, орын белгіленуге және дауыс беруге арналған жәшіктер орнатылуға тиіс. Бұл ретте байқаушыларға, медиа өкілдеріне және сайлау комиссиясы мүшелеріне сайлау жәшігін бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

43. Дауыс беруге арналған орындағы адамдар сайлау комиссиясы белгілеген ережелерді қатаң сақтауға міндетті. Мектеп сайлау комиссиясының төрағасы дауыс беруге арналған орындағы сайлаушылардың санын бір мезгілде реттейді; тәртіпке жауапты болады және осы Ережені бұзған және дауыс беруді өткізуге кедергі келтірген кез келген адамнан дауыс беру орнынан кетуін талап етуге құқылы. Дауыс беру күні дауыс беруге арналған орныда сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

44. Сайлаушы **бюллетеньді** алып, тізімге қол қояды.

45. Сайлау бюллетеньдерін дауыс беруші жасырын дауыс беру үшін жабдықталған орындарда толтырады. Оларды толтыру кезінде дауыс берушіден басқа біреудің болуына тыйым салынады.

46. Сайлаушы өзі дауыс беретін кандидаттың тегінің оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қояды. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді.

47. Толтырылған бюллетеньдерді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Жәшікті дауыс беру аяқталғанға дейін ашуға тыйым салынады.

48. Сайлаушы дауыс беру **онлайн форматта** өткізілген жағдайда, әр сайлаушыға берген штрих код (ID номер) арқылы ноутбукте тиісті кандидатты курсормен белгілеп, таңдайды, дауысын береді.

11. Дауыс беру қорытындыларын анықтау

49. Сайлау комиссиясы мүшелерінің дауыстарын санау жергілікті уақыт бойынша сағат он бесте басталады.

50. Дауыс беру аяқталғаннан кейін комиссия төрағасы дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарлайды.

51. Дауыс беруге арналған орныда дауыстарды санау жүргізілетін үстелдер Мектеп сайлау комиссиясы мүшелерінің іс-әрекеттеріне сайлауға қатысып отырған барлық адамдар тарапынан шолу қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады.

52. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілердің көрініп тұруын қамтамасыз ететін қашықтықта және жағдайларда бақылайды.

53. Мектептің сайлау комиссиясы пайдаланылмаған бюллетеньдерді есептейді.

54. Комиссия төрағасы жәшіктерді ашады.

55. Дауыстарды санау әрбір кандидат бойынша жеке жүргізіледі.

56. Жәшікті ашқаннан кейін Мектеп сайлау комиссиясы мыналарды белгілейді:

1) сайлаушылардың жалпы саны;

2) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы саны;

3) қолданылған бюллетеньдер саны;

4) жарамсыз деп танылған бюллетеньдер (белгіленбеген үлгідегі, онда біреуден артық кандидат белгіленген, белгі қарындашпен қойылған, тазарту іздері немесе қолдан жасаудың өзге де тәсілдері бар, сондай-ақ сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау мүмкін емес жағдайларда) санын белгілейді;

57. Дауыстарды санау нәтижелері сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қоятын хаттамаға енгізіледі.

58. Хаттаманың көшірмесі жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға дереу ілінеді.

59. Мектеп Президентін сайлау қорытындылары туралы хабарлама келесі күні әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары және ресми ертеңгіліктерде жарияланады.

А.А.